

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
(2017 жылдың 09 қарашасындағы
№ 29 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2017 жылдың 10 қарашасынан бастап
қолданысқа енгізілді

АҚПАРАТТЫҚ САЯСАТ

Осы Саясат Қазақстан Республикасының заңнамасына, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жарғысына және Биржаның басқа да ішкі құжаттарына сәйкес әзірленіп, Биржаның ақпараттық саясатына, оның ішінде Биржа ақпаратын ашудың жалпы қағидаттарына, Биржаның ақпараттарын ашудың және басқа тұлғалармен Биржаның брендін пайдаланудың басқа тұлғалармен ақпараттық өзара әрекеттесуінің негізгі ережелерін қоса алғанда, Биржаның негізгі тәсілдемелерін анықтайды.

1 бөлім. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Негізгі ұғымдар, терминдер және шартты белгілер

1. Осы саясаттың мақсаттары үшін:

- 1) ақпараттық саясат деп, реттеушіге, барлық мүдделі тұлғаларға және/немесе серіктестерге, сондай-ақ солардың көмегімен Биржаның жағымды имиджін және позитивті іскери беделін қолдайтын тұлғаларға, Биржа ақпараттарын ұсынудың ұстанымдары мен процедураларының жүйесін түсіну керек;
- 2) Биржа ақпараты деп, Биржа немесе Биржаға тарату үшін беретін, соның ішінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес немесе Биржамен жасалған келісім-шарттық қарым-қатынастар күшінде, оның серіктестері, осы ақпарат көзі болып табылатын, ақпараттар
- 3) Биржа туралы ақпарат дегеніміз - Биржаның қаржы-шаруашылық қызметі жөніндегі ақпарат. Биржаның қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көзі – коммерциялық ұйым ретінде Биржаның өзі болып табылады;
- 4) Биржаның серіктестері дегеніміз – оның мүшелері, Биржаның тізімінде тұрған, бағалы қағаздар эмитенті, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ, және Биржамен келісім-шарт және өзге де іскерлік сипаттағы қарым-қатынастармен байланысты өзге ұйымдар, сондай-ақ, талдаушылар, қызметкерлер, клиенттер (қызметті пайдаланушылар), несие алушылар, негізгі қызмет ұсынушылар, БАҚ;
- 5) реттеушілер дегеніміз – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қаржы нарығын реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ Биржаның қызметін реттеуші өзге де мемлекеттік органдар болып табылады.
- 6) Инсайдерлік ақпарат - бұл "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен де, Биржаның ішкі құжаттарымен және / немесе ол жасаған ақпараттың үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты ол жасаған шарттармен де инсайдерлік ақпарат ретінде анықталған ақпарат. Оны ашу қаржы құралдарының нарықтық бағаларына айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

2. Осы Саясатта қолданылатын терминдер мен шартты белгілер:

- 1) "мүдделі тұлғалар" – Биржа туралы ақпарат алуда қандай да бір дәрежеде мүдделі және Биржамен өзара әрекетті жүзеге асырушы жеке және заңды тұлғалар;
 - 2) " Биржаның интернет-ресурсы" – БАҚ болып табылатын Биржаның интернет-сайты www.kase.kz;
 - 3) "БАҚ" – бұқаралық ақпарат құралдары.
3. Осы Саясатта қолданылатын өзге түсініктер, терминдер мен шартты белгілер Қазақстан Республикасының заңдарында және/немесе Биржаның ішкі құжаттарында қолданылатын түсініктермен, терминдермен және шартты белгілермен бірдей.
4. Осы Саясаттың мақсаты үшін Биржа өзінің ақпаратын келесі түрлері бойынша жіктейді:

- 1) көпшілікке жария ақпарат (анықтамасы осы Саясаттың 4-ші бабында көрсетілген);
- 2) таралымы шектеулі ақпарат (анықтамасы осы Саясаттың 5-ші бабында көрсетілген);
- 3) ішкі ақпарат (анықтамасы осы Саясаттың 6-шы бабында көрсетілген).

2-бап. Биржаның ақпаратын ашудың мақсаттары мен міндеттері

1. Биржа ақпарат ашу кезінде келесі міндеттерді ұстанады:
 - 1) Биржаның акционерлік қоғам ретінде, лицензиат және инфрақұрылымдық ұйым ретінде қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету;
 - 2) мүдделі тұлғаларға олардың ақпарат алу құқығын толық жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
 - 3) Биржаның корпоративтік басқару деңгейін арттыру.
2. Биржаның ақпаратын ашу кезінде негізгі міндеттері:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңдарының және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;
 - 2) сақпарат ашудың жоғарғы стандарттарын сақтау;
 - 3) Биржаның мүддесіне, оның мүдделі тұлғаларына ақпаратты жариялау және/немесе пайдалану зиян келтіруі мүмкін Биржа туралы мәліметтер мен ақпараттарды қорғау;
 - 4) ақпараттық орталықтың қызметін қатысушылар үшін де бағалы қағаздар нарығының инвесторлары үшін орындау.

3 - бап. Биржа ақпаратын ашудың жалпы қағидалары

1. Биржа ақпарат ашу және таратуда келесі қағидаларды ұстанады:
 - 1) тұрақтылық, бірізділік, жеделдік және уақтылы орындау;
 - 2) Биржаның мүмкіндігі мен құзіреті аясында ақпараттың толық ашылуы;
 - 3) бейтараптылық және объективтілік;
 - 4) Биржаның көпшілікке жария ақпараты реттеушілер, серіктестер мен мүдделі тұлғалар үшін бірдей қолжетімділік мүмкіндігі болуы;
 - 5) Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялылығына және оны пайдалануға бақылауды қамтамасыз ету;
 - 6) құпиялылықты сақтау: ақпараттың ашықтығы мен Биржаның коммерциялық ұйым ретіндегі мүдделерін сақтау арасындағы ақылға қонымды тепе-теңдік;
 - 7) Биржаға сауда-саттықты ұйымдастырушы ретінде Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес ұсынылған, Биржа серіктестерінің қызметінің өзгеруі туралы ақпаратқа олардың құқығын сақтау.

4-бап. Биржаның ақпаратын ашу кезінде жүйелілік, бірізділік және жеделділік, сонымен қатар уақтылылық қағидаларын сақтау және жүзеге асыру тәсілдері

1. Биржа ақпаратты ашу үрдісінің үздіксіздігін қамтамасыз етеді.

2. Биржа, Биржаны және оның меншікті бағалы қағаздарының құнын бағалауға, биржалық нарықтағы жағдайды және ондағы саудаланатын қаржы құралдарының құнын, эмитенттер мен инвесторлардың жағдайын және олардың нарықтағы жағдайын бағалауға айтарлықтай әсер етуі мүмкін ақпаратты мүмкіндігінше тезірек ашуға тырысады.
3. Биржа, осы Саясаттың талаптарына сәйкес, мүдделі тұлғалардың мүдделеріне қауіп төндіретін, Биржаны бағалау және оның бағалы қағаздарының құны туралы бұрмаланған көзқарас қалыптастыратын, дұрыс емес мәліметтерге қатысты өзінің көзқарас-пікірі туралы ақпаратты жедел түрде ұсынады.

5-бап.

Биржаның ақпаратын ашу кезінде толық және бейтараптық қағидаларын сақтау және жүзеге асыру тәсілдері

1. Ашылған ақпарат толық, түсінікті және дәйекті болуы тиіс, ашылған мәліметтер салыстырмалы (әртүрлі уақыт кезеңінде салыстыру мүмкіндігімен) болуы қажет.
2. Ұсынылған ақпарат объективті әрі теңдестірілген сипатқа ие болуы тиіс.
3. Ақпарат ашу кезінде (оның ішінде қаржылық) оның бейтараптылығы қамтамасыз етілуі тиіс, яғни ақпарат ұсыну қандай да бір топтардың немесе тұлғалардың мүдделеріне тәуелсіз болуы тиіс, ал ақпарат ұсыну мазмұны немесе формасын таңдау белгілі бір нәтижелер мен салдарға қол жеткізуді мақсат етіп көздемеуін қамтамасыз етуі тиіс. Осы тәсілді сақтай отырып, Биржа үшінші бір тұлғадан және/немесе оның басқа серіктестерінен алынған қандай да бір серіктестерінің қызметі туралы ақпаратты саны шектелмеген тұлғалар арасында ашпайды.
4. Жалған ақпаратты жариялауға жол берілмейді. Биржа өзінің құзіреті шегінде, сауда-саттықты немесе клирингілік ұйымды ұйымдастырушы ретінде алған тек қана дұрыс ақпаратты жариялауға ұмтылады. Биржаның, Биржаға серіктестері Қазақстан Республикасының заңдарына және Биржаның ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес, ақпаратты саны шектелмеген тұлғалар арасында жариялау үшін ұсынған ақпараттың дұрыстығына және толықтығына тексеру жүргізетін бақылау қызметі жоқ екендігін ескере отырып, Биржаға ұсынылған ақпараттың дұрыс және толық болуына өзінің қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат ұсынған серіктесі жауапты болып табылады.
5. Биржа қауесеттер мен белгісіз немесе сенімсіз ақпарат көздерінен алынған ақпараттарға түсінік бермейді. Сонымен бірге, Биржа шаруашылық етуші субъект ретінде, сауда-саттық, клирингілік және есептік ұйымды ұйымдастырушысы ретінде, оның қызметі мәселелері бойынша өзінің көзқарас-пікірін білдіру құқығына ие.

6-бап.

Биржаның ақпаратын ашу кезінде қол жетімділік қағидасын жүзеге асыру және сақтау тәсілдері

1. Биржа ақпарат ашудың түрлі арналары мен әдістерін пайдаланады, Биржаның серіктестерінің көпшілігі мен мүдделі тараптар үшін ыңғайлы әрі қол жетімді болып табылатын электрондық әдісті пайдаланады.
2. Ақпарат тарату арналары ашылатын ақпаратқа тегін және оңай қол жетімділікті қамтамасыз етуі тиіс.
3. Қазақстан Республикасының заңдарының талаптарына сәйкес, міндетті түрде ашуға жататын ақпарат мемлекеттік тілде, орыс және ағылшын тілдерінде беріледі.

7-бап. Биржаның инсайдерлік ақпаратының құпиялылығына және оны пайдалануға бақылауды қамтамасыз ету қағидаларын сақтау және жүзеге асыру тәсілдері

Биржа ақпарат ашу процесі мен мерзіміне, ашылатын ақпараттың құрылымы мен көлемі, ақпарат ашудың әдістеріне, тетіктеріне және арналарына үздіксіз мониторингті қамтамасыз етеді.

8-бап. Биржаның ақпаратын ашу кезінде құпиялылық қағидаларын сақтау және жүзеге асыру тәсілдері

Биржа өзінің құпия және инсайдерлік ақпараттың сақталуының жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуші өзінің ішкі саясаты мен рәсімдерін қалыптастырады және орындайды әрі оның заңсыз пайдалануына жол бермейді.

9-бап. Биржаның серіктестерінің авторлық құқығын сақтауды жүзеге асыру және оны сақтау қағидалары

Биржа серіктестерінің қызметіндегі өзгерістер туралы ақпарат Биржаға ұсынылған түрінде (түзетусіз) Биржаның интернет-ресурсында ашылады.

2-бөлім. БИРЖА АҚПАРАТЫН ТОПТАСТЫРУ

10-бап. Бұқаралық ақпарат

1. Осы Саясаттың мақсаты үшін бұқаралық ақпарат дегеніміз - Биржаның ақпараты және Биржаның интернет-ресурсында орналасқан және Қазақстан Республикасының заңдарына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де әдістермен саны шектелмеген тұлғалар арасында таратылған Биржа туралы ақпарат.
2. Биржаның бұқаралық ақпаратына Биржаның ішкі құжаттарымен осындай құжат екендігі анықталған ақпарат және Биржаның саны шектелмеген тұлғалар арасында таратылған өзге ақпараты жатады:
 - 1) баспасөз хабарламасы;
 - 2) ақпараттық анықтамалар;
 - 3) имидждік және жарнамалық материалдар;
 - 4) Биржаның лауазымды тұлғаларының және басқа да уәкілетті қызметкерлерінің ресми түрде сөйлеген сөздерінің материалдары, өтінімдері, сондай-ақ түсініктемелер мен сұхбаттары;
 - 5) Биржаның негізгі бөлімшелері туралы және олардың құзіреті туралы, Биржа бөлімшелерінің және Биржа қызметкерлерінің жеке мәселелері бойынша арнайы уәкілетті адамдардың (Басқарма мүшесі, Директорлар кеңесі және Биржаның өзге органдарының тікелей номерлерінен басқа) ортақ телефон номерлері туралы ақпарат;
 - 6) Биржаның ішкі құжаты "Биржалық ақпаратты тарату ережесімен"¹ бекітілген нормаларды сақтау кезінде, осы ақпарат көзі ретінде Биржаға сілтеме жасалған, Биржаның уәкілетті немесе өзге де уәкілетті емес тұлғалары ресми түрде жариялаған Биржа туралы, Биржа

¹ Осы құжат Биржалық кеңестің шешімімен (2011 жылдың 28 сәуіріндегі отырысының № 10 хаттамасы) бекітілген және осы құжатта биржалық ақпарат ретінде анықталған, Биржалық ақпаратты таратудың құрамы мен негізгі шарттарын анықтайды".

мүшелері, биржалық нарық, Биржалық сауда-саттықта айналымға жіберілген қаржы құралдары туралы ақпарат;

- 7) Биржаның интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының акционерлік қоғам туралы заңына сәйкес жарияланған Биржаның қаржылық есептілігі және Биржа туралы өзге де ақпарат;
- 8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жариялауға жататын өзге де ақпараттар.

11-бап. Шектеулі таратылымдағы ақпарат

1. Осы Саясаттың мақсаты үшін шектеулі таратылымдағы ақпарат дегеніміз – Биржаның ішкі құжаттарымен анықталған жария емес ақпарат, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына және /немесе Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес кіру және/немесе тарату шектеулі болып табылатын өзге де ақпарат.
2. Биржа өз қызметі аясында кіруге рұқсаты бар шектеулі таратылымдағы ақпаратқа Биржа үшін, оның серіктестері үшін, реттеушілері мен өзге де мемлекеттік органдар үшін коммерциялық және өзге де құндылыққа ие кез-келген ақпарат, атап айтқанда коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпия және инсайдерлік ақпарат жатады.

Осы Саясаттың мақсаттары үшін коммерциялық құпия дегеніміз - бұл коммерциялық құпия ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында да, Биржаның ішкі құжаттарында да және / немесе ол жасаған ақпараттың нақты болуына байланысты ол жасасқан шарттарда айқындалған ақпарат. немесе үшінші тұлғаларға белгісіз болғандықтан, ықтимал коммерциялық құндылық.
3. Шектеулі таратылымдағы ақпаратты үшінші тұлғаларға ашық тарату Биржаның, оның мүдделі тұлғаларының, серіктестірінің, және/немесе реттеушілерінің қызметіне нұқсан келтіруі, немесе зиянын тигзу қаупі туындауы мүмкін.
4. Шектеулі таратылымдағы ақпаратты ұсыну Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен және ондай ақпаратқа кіру және оның ашылу және таратылу режимін анықтайтын Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.
5. Биржа шектеулі таратылымдағы ақпаратты қорғау бойынша барлық мүмкін шараларды қабылдайды, сондай-ақ мұндай ақпаратпен оның құпиялылығын сақтау үшін қажетті жұмыс режимімен қамтамасыз етеді.
6. Биржаның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің еңбек шарттарына шектеулі таратылымдағы ақпаратты таратқаны үшін жауапкершілік шарттары міндетті түрде енгізіледі.

12-бап. Ішкі ақпарат

1. Осы Саясаттың мақсаттары үшін ішкі саясат дегеніміз – Биржаның органдары, лауазымды тұлғалары мен басшылары оның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылдаған және пайдаланған Биржаның ішкі құжаттары мен кез-келген ақпараттары болып табылады.
2. Биржа өзінің ішкі құжаттарына сәйкес ашық емес деп жіктеген ішкі ақпаратты үшінші тұлғаларға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда ғана беруге болады.

3-бөлім. БИРЖАЛЫҚ АҚПАРАТТЫ АШУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

13-бап. Ақпаратты ашу және таратудың жалпы тәртібі

1. Биржалық ақпаратты және Биржа туралы ақпаратты әзірлеу, ашу және таратудың жалпы тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.
2. Ақпаратты әзірлеу және ашу кезінде Биржаның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етуші ішкі рәсімдерді әзірлеу және енгізуді Биржа Басқармасы Биржаның тиісті ішкі құжаттарын растау арқылы жүзеге асырады.
3. Биржадан ақпарат алуға және/немесе Биржа туралы ақпарат алуға жазбаша сұранымдарды өңдеу тәртібі кіріс және шығыс хаттарының жұмыстарына қатысты, Биржаның ішкі құжаттарымен реттеледі.
4. Биржаның еркін қолданыстағы интернет-ресурсында орналасқан ақпарат (Қазақстан Республикасының заңдарына және Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес талап етілген, ақпараттан өзге) Биржаның қалауы бойынша кез келген уақытта оның интернет-ресурсын пайдаланушыларын алдын ала хабарлаусыз өшірілуі мүмкін.
5. Биржаның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары жария ақпаратты өзінің жұмысында пайдалануы мүмкін және оны үшінші тұлғаларға ұсынады.

Таралымы шектеулі ақпараттарға және ішкі ақпараттарға кіруге рұқсаты бар Биржаның қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына және Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген жағдайлардан өзге, өзінің лауазымдық міндеттері мен қызметтері аясында ондай ақпаратты жеке мақсатына пайдалануға және үшінші тұлғаларға таратуға құқығы жоқ.

6. Биржа, қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары Биржа органдарының қарауына, соның ішінде тұрақты жұмыс істейтін Биржаның құрылымнан тыс органдарының қарауына ұсынылған мәселелерді саны шектелмеген тұлғалар арасында ашуға және ол бойынша шешім қабылдау барысы туралы көпшілікке жариялауға құқығы жоқ.

14-ші бап. Ақпарат ашу кезіндегі Биржаның пайдаланатын құралдары мен әдістері

1. Биржаның ақпарат ашудағы негізгі құралы Биржаның интернет-ресурсы болып табылады.
2. Биржаның ақпаратын және/немесе Биржа туралы ақпаратты ашу кезінде келесі байланыс құралдары қолданылады:
 - 1) ішкі және сыртқы мақсат үшін әзірленген жазбаша құжаттар немесе материалдар, оның ішінде баспасөз хабарламасы, баспа үшін хабарламалар, Биржаның брошюралары, журналдар мен ақпараттық материалдар, кез келген БАҚ үшін жарияланымдар;
 - 2) ауызша хабарламалар, оның ішінде түсіндірмелер, сұхбаттар, баспасөз конференциясы, баяндамалар, кез-келген бағыттағы көпшілік іс-шаралардағы сөйлейтін сөздері;
 - 3) аудиовизуалдық тасымалдаушылар, оны ішінде, бейнероликтер, сөйлейтін сөздер немесе теле- және радиохабарламалардағы сұхбаттар, Биржаның ішінде және биржадан тыс өтетін конференцияларда, жиналыстарда немесе өзге де іс-шараларда пайдаланылатын слайдтар және өзге де көркем құралдар.;

- 4) электрондық материалдар, оны ішінде, электрондық почта, және өзге де Интернет желісінің ресурстары.
3. Биржаның ақпаратын және/немесе Биржа туралы ақпаратты ашу немесе ұсыну келесі әдістермен жүзеге асырылады:
 - 1) Интернет желісінде, оның ішінде Биржаның интернет-ресурсында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде орналастыру;
 - 2) Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңдарына сәйкес анықталған, интернет-ресурсында қаржылық есептілік депозитарийін орналастыру;
 - 3) баспа басылымдары мен өзге БАҚ-да жариялау;
 - 4) ақпараттық семинарлар, кездесулер, презентациялар, брифингтер, конференциялар мен өзге де іс-шараларды орналастыру, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып;
 - 5) акционерлерге ақпаратқа (құжаттарға) кіруге рұқсат беру және олардың талабы бойынша заңмен, жарғымен және Биаржаның ішкі құжатымен қарастырылған жағдайларда құжаттардың көшірмесін беру;
 - 6) Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған өзге де әдістерімен, сондай-ақ жарғымен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған әдістермен.
4. Биржа Қазақстан Республикасының заңдарымен және Биржаның ішкі құжаттарымен қарастырылған, ақпарат ашудың өзге де формаларын, құралдары мен әдістерін пайдалануға, сондай-ақ бір ақпаратты ашу және тарату үшін бірнеше әдістерді пайдалануға құқылы.
5. Биржа БАҚ-пен белсенді әрі тиімді өзара қарым-қатынас Биржаның барлық серіктестері мен мүдделі тараптарымен ақпарат алмасу жасауға мүмкіндік беретінін, және жағымды инвестициялық климат құруға ықпал ететіндігін мойындайды.

15-бап . Биржаның ақпаратына түсініктеме берудің ерекшелігі

1. Биржаның атынан Биржаның беделіне нұсқан келтіруге қауіп төндіруі мүмкін, Биржаның қызметінің стратегиялық және өзге де мәселелері бойынша ресми хабарламалары мен ресми көзқарастарды көпшілікке жариялауларды осы баптың 6-8 тармақтарында белгіленген ерекшеліктер мен шектеулерді ескере отырып, тек қана Биржаның Директорлар кеңесінің Төрағасы, Басқарма мүшелері немесе осы баптың 3-тармағына сәйкес тағайындалған, Биржаның қызметкерлері жасауға құқылы.
2. Биржаның Директорлар кеңесінің Төрағасы және Басқарма мүшелері өз атынан, сондай-ақ Директорлар кеңесінің және Биржа Басқармасының атынан сәйкесінше, Биржаның кез-келген мәселелері бойынша түсініктеме бере алады.
3. Басқарма Төрағасы Басқарманың бір немесе бірнеше мүшелерін/ Биржаның қызметкерлерін Биржаның атынан жекелеген ақпараттық мәселе немесе сауал бойынша/ сауалдар тобына/ Биржа қызметінің бағыты бойынша ресми хабарламалар мен түсініктемелермен сөз сөйлеу үшін тағайындайды .

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген, осы Саясатта тікелей айтылмаған тұлғалардың ресми өтінімдер немесе түсініктемелермен сөз сөйлеудің өзге шарттары Басқарма Төрағасының актісімен немесе Биржа Басқармасы бекіткен ішкі құжатпен анықтауға жатады.

4. Осы баптың 3 тармағында көрсетілген тағайындаулар тиісті Басқарма мүшелерінің және немесе Биржа қызметкерлерінің назарына Басқарма Төрағасының тиісті актісімен таныстыру арқылы ұсынылады.
5. Осы баптың 1 -тармағында көрсетілген, Биржаның мәселелері бойынша түсініктемелерді беруге:
 - 1) Биржаның Директорлар кеңесінің Төрағасы;
 - 2) Биржаның Басқарма Төрағасы;
 - 3) Биржаның Басқарма Төрағасы тағайындаған Басқарма мүшелері мен Биржаның қызметкерлері құқылы.
6. Биржаның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері Биржаның серіктестеріне және/немесе мүдделі тараптарға жария хабарламалар беруге және БАҚ-ға (оның ішінде, Интернет желісінде) түсініктемелер беруге құқығы жоқ:
 - 1) ресми жариялағанға дейін – Биржаның қаржы-шаруашылық қызметінің жылдық және /немесе аралық нәтижелері, сондай-ақ оларға қатысты кез-келген болжамдар;
 - 2) Биржаның Төрағасымен және/немесе Басқарманың аталмыш ақпаратты ашу және тарату мәселесіне басшылық етуші тиісті мүшесінің келісімінсіз шектеулі таралымдағы ақпарат;
 - 3) Биржаның акционерлерінің жалпы жиналысында, Биржа органдарының отырысында қарастыруға жататын мәселелер (оның ішінде құрылымнан тыс) – осы мәселелер бойынша аталмыш органдардың шешім шығарғанына дейін;
 - 4) Биржаның органдарына қарастыруға ұсынылған мәселелер бойынша Биржа органының (оның ішінде құрылымнан тыс) жекелеген мүшелерінің талқылау барысы мен позициялары.
7. Биржаның лауазымды тұлғалары мен уәкілетті қызметкерлері Биржаның атынан түсініктеме бермейді:
 - 1) тексерілмеген ақпарат және/немесе ресми емес көздерден алынған ақпарат;
 - 2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының шешімдері, осы шешімдер бойынша айтылған сөздер мен түсініктемелер²;
 - 3) Биржаның немесе қаржы нарығының қызметіне жатпайтын, өзге де мәселелер.
8. Осы баптың 6 және 7 тармақтарында көрсетілген қоғамдық пікірлер Биржаның лауазымды тұлғаларына немесе қызметкерлеріне Директорлар кеңесінің Төрағасының немесе Биржа Басқармасы Төрағасының (Биржаның түсініктеме беруші лауазымды тұлғасының немесе қызметкерінің дәрежесіне байланысты) ауызша шешімі бойынша ерекше жағдайларда ғана ұсынылуы мүмкін.

16-бап. Биржаның ақпаратын мемлекеттік органдарға ашу

1. Биржаның ақпаратын реттеушіге ашу Қазақстан Республикасының заңдаында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

² Осы норма ондай түсініктемелер беруге құқығы бар, Биржаның қызметкерлері болып табылатын, лауазымды тұлғаларына немесе реттеушілердің лауазымды тұлғаларына таратылмайды.

2. Биржаның ақпаратын реттеушіге ашу Қазақстан Республикасының заңдарына қатысты ондай ашу міндеттемесі анықталмаған жағдайда Биржа Басқармасы Төрағасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

17-бап. Биржаның акционерлерімен және Директорлар кеңесімен ақпарат алмасу

Биржа акционерлерімен акционерлердің өзінің құқығын жүзеге асыруымен байланысты ақпарат ашу, акционерлердің жалпы жиналыстарын өткізу және оған даярлық мәселелері бойынша ақпарат алмасуды Биржаның корпоративтік хатшысы Биржаның ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

18-бап. Еншілес ұйымдармен, аудиторлармен және "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамымен ақпарат алмасу

Биржаның еншілес ұйымдарымен, Биржаның жылдық қаржылық есебіне аудит жүргізуші аудиторлық ұйымымен, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" акционерлік қоғамымен ақпарат алмасу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына және тиісті келісім-шарттардың шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

19-бап. Өзге мүдделі тұлғаларға ақпарат ұсыну

Биржаның БАҚ-ға, Биржаның серіктестеріне және мүдделі тұлғаларына ақпарат ашу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына, Биржаның осы Саясатына және өзге де ішкі құжаттарына және/немесе тиісті келісім-шарттардың шарттарына сәйкес жүзеге асырады.

4-бөлім. БАСҚА ЕРЕЖЕЛЕР

20-бап. Биржаның брендін үшінші тұлғалардың пайдалануы

1. Осы баптың мақсаты үшін:
 - 1) Биржаның брендін дегеніміз – Биржаны өнімдері мен қызметтерінің бастапқы жеткізушісі ретінде анықтауға мүмкіндік беретін, Биржа туралы, оның өнімдері мен қызметтері (Биржаның товар белгілері, барлық формадағы атаулары және басқа да шрифтпен, дизайнымен және түстерімен ерекшеленетін көрнекті элементтері) туралы кешенді ақпарат болып табылады;
 - 2) Биржаның брендін пайдалану дегеніміз – оның элементтерін (Биржаның товар белгісін, оның ішінде Биржаның толық немесе қысқартылған атауы) Интернет желісінің беттерінде және имидждік немесе үшінші тұлғалардың жарнама тасымалдауыштарында орналастыру.

2. Биржаның брендін пайдалану Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен, ішкі құжаттарымен және Биржа мен оның серіктестері арасында жасалған тиісті келісім-шарттардың шарттарымен реттеледі.

Биржа оның брендін пайдаланғаны үшін төлем талап етуге құқылы. Ондай төлемнің көлемі мен тәртібі Биржа мен оны пайдаланғалы отырған немесе пайдаланған тұлға арасында жасалған келісім-шартпен белгіленеді.

Биржа оның брендін үшінші тұлға заңсыз пайдалануға тыйым салуға және оның құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған кез-келген заңды шараларды қабылдауға, оған қоса зияткерлік меншік құқығын қорғауға құқылы.

3. Осы баптың 2 - тармағында қарастырылмаған, Биржаның брендин үшінші тұлғаның пайдалануы Биржа Басқармасы Төрағасының жазбаша рұқсатымен және /немесе Биржамен үшінші тұлғаның тиісті келісім-шарт жасасуы негізінде жүзеге асырылады.

21-бап. Беделдік қауіптің алдын алуға бағытталған шаралар

1. Биржа өзінің беделіне нұқсан келтіретін ақпараттардың алдын ала анықтау мақсатында, ақпараттық ресурстарына үздіксіз мониторинг жүргізу үшін (Биржаның іскерлік беделіне және/немесе имиджіне нұқсан келу қаупі) бар мүмкіндігін, бар күшін салады.
2. Іскерлік беделіне нұқсан келтіру қаупін бағалау және оған мониторинг жасау:
 - 1) ақпараттық ресурстарда көрсетілетін Биржаның қызметі көрсеткіштерін үнемі зерделеу;
 - 2) Биржа және оның акционерлері туралы БАҚ-ғы жағымды және жағымсыз пікірлер мен хабарламаларды және мәліметтерді мониторинг жасау.
3. Биржаның беделіне нұқсан келтіретін жағдайларды реттеп отыру, сондай-ақ олардың алдын алу және/немесе олардан келетін зиянды азайту бойынша тиісті шараларды қолдануды Биржа осы Саясаттың талаптарын ескере отырып, жүзеге асырады.

22-бап. Қызметкерлерді ақпараттандыру

1. Биржа өзінің қызметкерлерін стратегияларын жүзеге асыру барысы туралы, сондай-ақ биржалық қызмет саласындағы көпшілікке жарияланған маңызды оқиғалар мен биржалық қызмет пен ішкі бизнес-процесстерді реттеуге қатысты шешімдері туралы уақтылы және толық ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.
2. Биржа қаржы нарығындағы оқиғалар туралы тексерілмеген ақпараттың алдын алу үшін және Биржаның ішкі ұжымындағы қызметкерлер туралы жеке ақпаратты таратудың алдын алуға барлық күшін салады.

23-бап. Осы Саясатты сақтауды қамтамасыз ету шаралары

1. Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарына, Биржаның жарғысына және оның ішкі құжаттарына, сондай-ақ Биржаның құзіреті аясында белгіленген тәртіппен қабылданған органдарының және лауазымды тұлғаларының шешімдеріне сәйкес шешіледі.
2. Биржа өзінің ақпаратын ашуға дайындау, келісу, оның мазмұны мен мерзіміне бақылау жасауға сенімді тетіктерімен қамтамасыз ету үшін барлық шараларды қабылдайды; құжаттардың тиісті дәрежеде сақталуы, ақпарат ресурстарының қызметтілігі және сақталуын қадағалайды.
3. Саясаттың Биржаның балық лауазымды адамдарына және қызметкерлеріне қолданылады.
4. Үнемі жақсарту, актуалдандыру, сапасын және Саясаттың заң талаптарына рәсімдерінің сәйкес келуін бақылау Басқармаға жүктеледі. Саясат қажеттілігіне қарай актуалдандыруға жатады, бірақ кем дегенде бес жылда бір рет жүргізіледі.

Басқарма Төрағасы

А.Ө. Алдамберген